

**"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 қыркүйектегі №43/3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қарашадағы № 46/4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 қарашада № 6984 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 43/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6923 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 2 қазанда жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасындағы 6-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*Ә.Абдуллаев*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б.Сыздық*